

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 қарашадағы № 433 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 22 қарашада № 3983 болып тіркелді

Р К А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының Құрылымындағы "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 306 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 болып тіркелген) сәйкес, Шу ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Жақсыбаев Нұрлан Сегізбайұлына жүктелсін.
3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Досаев

Шу ауданы әкімдігінің

2018 жылғы "__"

№__ қаулысына қосымша

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері

№	Мекен-жайы	Төлем мөлшері (айына 1 шаршы метр үшін)
1	Шу ауданы, Шу қаласы, Жетісу мөлтек ауданы, №4 үй	91 тенге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК